



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ



айлық журналы
ежемесячный журнал
№10 (10) 20.01.2015



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Қолымызға қаламымызды алып, журналдың әр санын ұйымдастыру барысында өздеріңізге жаңа леп, жаңа серпінде жазылып, сиясы кеппеген мәнді-мағыналы еңбектерді тартуға асығамыз... Жаңа 2015 жыл еліміздің рухани, тарихи өмірінде атаулы шараларға толы мерекелі жыл болмақ. Ол – біздің қазақ хандығының 550 жылдық, Ата Заңымыздың, Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдық, Ұлы Жеңістің 70 жылдық, т.б. мерейтойлары. Бұл шараларға байланысты мақалалар ретін алдағы сандарда міндетті түрде оқуға мүмкіндіктеріңіз туады.

Бүгінде журнал парақтарынан әр мамандыққа байланысты тұрақты айдарлар ашылып, оқырман назарына жағымды жаңалықтарын ұсынып отыр. Оқу ордамыздың білікті мамандары, жігері мен таланты жетерлік жалынды студенттер, көкейлеріңізде жүрген пікірлеріңіз бен айтар ойларыңыз болса, қағаз бетіне түсіріп, редакцияға жіберуге асығыңыздар. Бүгінгі еңбек – ертеңгі тарих!

Құрметпен, журналдың бас редакторы,
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мейрамов Т. У. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Юсупова А. К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор: Камила Габдрашитова

Тілшілер: Қуат Ежембек

Мирас Әбіл

Нұрислам Абдил

Александра Поршнева

Евгений Лумпов

Амина Габдрашитова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяган

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Г. Көлбайқызы	4	ҰСТАМЫ БИІК ҰСТАЗ
Н. Абдулла	6	СУРЕТКЕР ӘЛЕМИ
Н. Ақшалава, О. Сайлаубай	8	KINODIAR.kz
Н. Әбділ	10	КӨЛЕҢКЕДЕГІ КӨМЕСКІ ОҰ
А. Айтжан	12	«ЕС – АҰМАҚТА» ЕҢСЕЛІ ЖАЗУШЫ
Қ. Ежембек	13	АҚСҮҮЕК
Ө. Жарқынұлы	14	ӨНЕР КӨКЖИЕГІ
Ж. Дәуіт	16	БЕС ЖҰЛДЫЗ
М. Әбіл	18	ЖОЛДАР ЖЕТЕГІНДЕ
У. Имангалиева	19	ВУВАТ, АНДРЕҮ!
А. Оспанова, Д. Исенова, Н. Бекбасова	20	О, КИНО!
М. Жаканов, Б. Нугманов	22	ART GALLERY
Е. Гиль	24	МУЗЫКАЛЬНЫҮ АКУЕНТ
Е. Лумнов	26	KinoMUZA
А. Габдрашимова	28	ИСКУССТВО КЕРАМИКИ
Анонс	30	

Ұстами биік ұстаз

ТҮЛҒА... Дәл осы ұғымға бүгінде көпшілігіміз ат үсті қарап, ауызекі тілдің ішіне «қыстырма сөз» ретінде ғана пайдаланып жүргеніміз жасырын емес. Қазіргі жаһанданған заманда қайсібір адам пайдалы іс жасай қалса болғаны, «...ол бүгінгінің тұлғасы ғой» деп, атой салатындар да кездесін жатады. Бұл жерде «адам» мен «тұлға» ұғымдарының арасындағы мазмұндық айырмашылығы мен аражігін шатастырып алмаған жөн. «Адам» деген – адамзат баласына тән жалпылама ұғым. Адамның тек табиғи қасиетін ғана бойына сіңірмей, қоғамдағы өмірінің бей-жай болуына селқос қарамай, өз ортасымен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, адамның табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни әлеуметтік, саяси, мәдени өмірінің мәнді жақтарын көбірек бойына сіңірген жандарды ғана «тұлға» деп ауыз толтырып айтуға құқығымыз бар. Бала кезімізден санамызға кеңінен сіңірін, миымыздың қатпарларына тоқып жүрген тұлғаларымыздың ерліктерін ескерсек, ойымызға бүгінгінің тұлғасы кім деген сұрақ сап ете қалары да хақ. Және ол қандай болуы шарт? «Тұлға» деген атауға ие болатындай қаншалықты игі істер атқаруы тиіс? Ал, ойлай беріңіз...?!

Иә, бұл ұғымның мағынасына, мәніне тереңірек үңілуім күтпеген жерден жалт етіп шыға салған тосын жәйт емес. Өткен жылдың қоңыр күзінде дүниеден өткен белгілі театр сыншысы Әшірбек Төребайұлы Сығайдың жарық күнмен біржола қоштасқанынан кейінгі туындаған ой. Зуылдаған уақыт, зымыраған өмір ешқашан бір арнада тоқтап, бір ағымда жүзген де емес... Дер кезінде берерін беріп, керегін де аларын ешкімнен сұрамай-ақ тыныш қана өз еншісінде қалдыра беретіні де һәм. Бәлкім, бұл жағдайға басым көпшілігіміз албырттықтың жетегінде, жастық жалынның шырмауында жүріп мән бермегенімізбен, есейе келе әр дүниенің қадірін біліп, қасиетін асқақтата түседі екенбіз. Өнердің нағыз майталманы Әшірбек Төребайұлын да осы қатігез уақыт өз уысына түсіріп, алды да кетті. Оған жасар шара жоқ... Бұл – табиғат заңы, өмірдің ащы шындығы.

Бар ғұмырын өнерге сарп етіп, оның ішінде театр әлемінің әрбір демін, әрбір тынысын жете бақылаған майталман сыншы жайында бүгінде есті естеліктер, гибратты ойлар мен өлең өрнектері де жетерлік. «Әшірбек Төребайұлы Сығай кім?» деген сауалға біреуі белгілі өнер қайраткері, екіншісі ұлт жанашыры, үшіншісі Мемлекеттік сыйлықтың иегері, төртіншісі «Құрмет» орденінің иегері, бесіншісі аудармашы, алтыншысы «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, жетіншісі көреген басшы, сегізіншісі адуынды сыншы, тоғызыншысы профессор, оныншысы абзал әке, аяулы жар, асқар тау атамыз дейтіні мәлім. Ал, өнердегі шәкірттері үшін «Әшірбек Сығай кім?!» Әрине, ұлагатты ҰСТАЗ, ұлы ҰСТАЗ, кемеңгер ҰСТАЗ, дана ҰСТАЗ... Осынша қасиетті бойына сіңірген жанды «ТҮЛҒА» демей кім дерсіз?! Соңынан еріп келе жатқан біздей мұзбалақтар көзін көріп, қолын ұстап, қасында жүргенмен, дер кезінде дарынды тұлға екенін, дарабоз тұлға екендігін айтып та үлгермедік. Жанымыздың бұл айқайы көкірегімізден өшпес өкініш болып қана қала бермек. Әрине, «ұстаз» деген ұлы есім. Алайда, ұстаздың бәрі осы атауды жамылып жүргенімен, жүгін бірқалыпты арқалай бермейді. Неге дерсіз?

Осыдан бес жыл бұрын ел қатарлы ақ арманымызды үкілеп, елордамыздағы өнердің үлкен ордаларының бірі Қазақ ұлттық өнер университетінің табалдырығын аттап, оқуға түстік. Бұл жас талапкер үшін үлкен қуаныш. Ұлттық өнердің дамуына оның ішінде кинотану ғылымының кәсіби маманы, білгір кинотанушы, киносыншы, профессор Нөгербек Бауыржан Рамазанұлының шеберханасында білім алу маңдайымызға жазылған үлкен бақыттың бірі болғаны жанымызға одан арман көл көсір шаттық сыйлады. Белгілі жазушы-драматург Әкім Таразидың, Роза Мұқанованың, театртанушы Еркін Жуасбектің көз алдында жүріп, бірауыз ақыл естіп, оқыған дәрістерін тыңдау кез келгеннің қанжығасына бұйыра бермес бақыт. 2011 жылдың күзі «Өнертану» кафедрасының студенттері үшін естен кетпес маңызды оқу жылы болды. Сарыарқа төсінде жақында ғана ашылып, керегесін өлі керіп үлгермеген аталмыш кафедраға өз мамандығының мэтрі, қазақ өнерінің нағыз жанашыры «Әшірбек Сығай шеберхана ашып, ұстаздық жолын осы ордада жалғастырады» дегенді естігенде, біраз сескенгендігіміз жасырын емес. Ағайдың аты аталғанда мықты деген саясаткерлеріңнен бастап, мәдениет саласындағы азаматтар орнынан тұрып қарсы алғанда, біз қандай жағдайда болар екенбіз? Ол кісінің Өнер университетіне ат басын бұруы үлкен мәртебе емес пе? Үш ұйықтасақ түсімізге кірмеген жанмен етене жақынырақ танысып, білісіп, қол алысу біздер үшін тарихи күн.

Міне, нағыз ұстаз ортамызға келіп, жүрегімізге жылулық, көңілімізге қуаныш орнатты. Әшірбек-ұстаз ағайымыздың бір ғана қырағы көзқарасынан артық күлкіні тоқтатып, бос жүріспен қоштасасын. Бұл жанға қарап ой түзейсің, бойыңызды ретке келтіресіз. Бұйтпеске, шара жоқ...

Жасыратыны жоқ, кейбір ұстаздар қауымы арнайы аудиториямен ғана шектеліп, айналасындағы басқа студенттерге көп көңіл бөле бермейді. Әшірбек ағайымыздың кеменгерлігінің, жүрегінің кеңдігінің бір көрінісін алғашқы күндерден-ақ байқайсыз. Республикалық басылымдарда, ғылыми конференцияларда жарық көріп жүрген мақалаларымды құшағыма жинап алып, кафедраға тапсыруға бет алып бара жатқанмын. Есікті ашып, ішке ене қалсам төр басында ақырын әндетіп ағай отыр. Амандаса салысымен, қағаздарды құшақтаған күйі тұрып қалыпшын. «Әй, Гүлім қыз, келші бермен. Осы күнге дейін немен айналысып жүрсің? Қандай тақырыптарда, қандай мәселелерде қалам тарттың?» деп жұмыстарымның барлығын қарап, ынтызарлықпен оқып шықты. Жан-дүнием астан-кестен. «Біткен жерім осы шығар. Дәл қазір өткір сынды қабылдауға дайындала бер!» деген ойлар миымды шарпып барады. Бұл істің аяғы таза көңілден шыққан тілекпен, шынайы жанашырлықпен айтылған ұстаздың пікірмен аяқталатынын кім білді дерсіз. Осы сәттен, осы күннен бастап Әшірбек Төребайұлы өзгеге ұқсай бермейтін ерекше ілтипатымен бауырына басып, қанатының астына алды. Кездесе кетсек күлімдеп қарсы алып, құшағына қысып, аялы алақандарымен қолымды алып, ешбір дүниеге тең келмейтін ақылын айта отырып, ертеңгі жолыңды көрсетіп-ақ беретін. «Мен кез-келген жанды тоқтатып, жағдайын сұрай бермеймін. Олай істейтін болсам, менің нем қалады? Егер, мен сені шақыртып, іздеп, шығармашылығыңның жаңалығын, өміріңнің арнасы қайда бұрып бара жатқанын сұрасам, қуан! Бұл менің өзіңе деген адами жанашырлығымның, ұстаздық көңілімнің сұлбыр еместігін білдіреді» деген ұстаз сөзі әлі күнге жадымда. Және қала да бермек... Тікелей шәкірті болып күніге алдында отырмағасын, мүмкіндігі келгенше аудиториясына жеке шақырып алып, Әш-ағам дариядай ағылып-төгіліп тұратын, шетінен, шегінен толассыз тасып тұратын ақылы арқылы жаныңды сілкіп-сілкіп алып, бойыңа сенімділіктің, еңбекқорлықтың туын қадайтын. Ары қарай ол жалауды құлатуға сеің қақың да жоқ. Әшірбек Төребайұлының бұл жанашырлығы, корегендігі, парасаттылығы ұстаз алдындағы шәкірттің өтелмес парызы.

Ағаймен ортамызда орнаған одақтың естеліктерін айта берсек, таусылмасы хақ. Айналырған үш жылдың ішінде өнердегі ғана емес, өмірдегі ақылшыма, тірегіме айналғанына біреу сенсе, біреу сенбес. Әшірбек-ұстаздың бастамасымен ашылған университеттік «Шабыт» журналының, «Ес-аймақ» мәдени-танымдық пікірталас клубының құрылуы да еріккеннің ермегі емес. Білім алуға келген әр жастың бір күні бос өтпеуін жіті қадағалап отыратын ұстаз көңілі өмірінің соңыша дейін еш тоқтаған жоқ. Тоқтауға жол да бермес еді. «Сен жанбасаң лапылдап, Мен жанбасам лапылдап, Кім жанады лапылдап?» деп, Назым Хикметтің өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, «Жаныңдар! Лапылданар! Қазақ өнерінің ертеңі сендерсіңдер!» деген ұстаздың жан айқайы әрқайсымыздың көкірегімізде мәңгіге тұрақтанды.

Қараша айының орта тұсында Әш аға ұялы телефонымға хабарласып, аудиториясына көтерілуімді сұрады. Ол кісінің әрбір сөзі біз үшін бұйрық. Бар ісімді тастай сала, жүгіріп кіргенім сол екен: «Отыршы мына жерге. Мынаны айтайын деп шақырдым. Әдетте, елдің көбі саясат тек жоғары мекемелік орындарда, мемлекеттердің, елдің арасында болады деп ойлайды. Есіңе сақта. өнердің де ішкі және сыртқы саясаты болады. Өсіп келе жатқан сыншы мамансыңдар. Сол үшін сендер өнердің саясатын жақсы меңгерулерің абзал. Бүгін сен отырған жерге, ертең басқа біреу келеді. Немесе керісінше. Осындай жағдайда саясатты жақсы меңгерсең ғана сені ертең ел сыйлайтын болады» деген көңілжарды ойын айтты. Ағайдың бұл шақыртуы соңғы боларын кім білген?! Көңілі дархан, пейілі кең Әш-аға «Кинотанушы» мамандығының студентімен осылай сыр бөлісін, сыртқа теппей, қолынан келгенше көмегін берді. Ал енді, өз шеберханасының шәкірттеріне деген көңілінің пәктігін, ұстаздық махббатын сипаттау айта салуға, жаза салуға оңай жалаң дүние емес. Тұлғаға тән қасиеттің бәрін бір бойына сыйдыра білген, сіңіре білген ҰСТАЗ есімі шәкірт күнделігінде алтын әріптермен ғана жазылуы тиіс. Жазылады да.

Бүгінде оқу ордасының табалдырығын аттаған сайын, ұстазға деген сарқылмас сағыныш, өшпес сезім ұлғая түсуде...

Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Қазақ Ұлттық өнер университеті

«Кинотану» мамандығының 1 курс магистранты

СҮРЕТКЕР ӘЛЕМ?



Өнер иесі болу – сұлулықты сүю. Алланың жаратқан сұлулығы шексіз әлемнің түпкір-түпкірінен орын алған. Оған ие болар және оны терең түсінетін жан тек қана – өнер адамы!

- Сізге оқырмандар қызығады. Сіздің шексіз талантыңызға төнті болады. Ал сіз кімді, қай жазушыны биік шың деп көресіз?

- Өзіме дейінгі ұлылардың бәрі ұстаз. Шексіз талантыңызға дегендегі «шексіз» деген сөзді алып тастасақ ренжімеймісіз? Л. Толстой мен М. Әуезовті жазушылықтың шыңы, әдебиет әлемінің алыптары деп ұғамын.

- Сізді осы керемет, құпиялы, сан қырлы әдебиет әлеміне жетелеген кім, қандай шығарма және қай жазушы?

- Әкем – Қажығалым Қажыбайұлы Мұқанов. Әкем Абайды пір тұтты, М. Әуезовпен сусындады, Дулат Бабатайұлымен шер бөлісті. Мен де әкем сияқты болғым келді. Әдебиетке құмарлық, әдебиетпен өмір сүру, тағдырымды әдебиетпен ұштастыру әкеден қалған. Әкем өмірінің соңғы сәтіне дейін Құран Кәрімді қолынан тастамаған кісі. Тақуа болып өтті, дүние мен мал-мүлікті малданбады, кітап жинап өтті. Құран сөзін менің әкемдей түсінген қазақ баласы некең-саяқ болар. Ол кісі тәпсірлерді ақтарып отырып, Құран сөзінің терең мағынасын шығарып отыратын. Есеп шығарғанда, шешімін тапқан адам қалай қуанса, менің әкем де дәл солай бақытты болып отыратын. Көп ақыл айтып көрмепті, бірақ мінезіміз ұнамаса, мініміз болса Абай сөзімен бас көтертпестей етіп, ұялтып тастайтын. Мұндай сөзден кейін өз-өзімізге ұзақ уақыт келе алмай есеңгіреп қалатын едік.

- Қазіргі таңда, Роза Мұқанова десе, журналисттер дереу «Мәңгілік бала бейне» шығармасы жайлы сөз қозғай бастайды. Ал оның экрандалған бейнесі, «Қыз жылаған» фильмі болса, тіптен аты шулы киноға айналды. Біз сіздің берген бірнеше сұхбаттарыңыз арқылы фильмнің сіздің көңіліңізден шықпағанын байқаймыз. Ал егер де осы шығарма қайтадан экрандалса, сіздің көзқарасыңыз?

- Театрда да, кинода да «Мәңгілік бала бейне» қайта қойылып, қайта экрандалып жатса қуанамын. Шығарманың мәңгілік өмірінің өзі осыған саяды. Толстойдың «Анна Каренинасының» ХХ ғасырдағы киносы мен ХХІ ғасырдағы американдықтардың экрандаған нұсқасын көрдім. Маған соңғы нұсқа қатты ұнады.

- «Мәңгілік бала бейне» шығармасынан кейін, оқырмандардың қызығушылығын арттырған шығарма «Мысықтар патшалығы». Сонымен қатар, осы драманы танымал театр режиссері Болат Атабаев театр төріне әкелсігі келіпті. Өкіпішке орай, бұл жоспар уақыт өте келе аяқсыз қалды. Бұның басты себептері кейіпкерлердің мысықтар болуы. Ал егер де, сіздің осы тамаша драмаңыз театрда да емес, кинода да емес, мультфильмде көрініс тапса, қалай қарайсыз?

- Ал «Мысықтар патшалығы» өз қойылымын күткен шығарма. Уақыты келген кезде қазақ сахнасынан бой көрсетер деген үміттемін.

- Осы шығармадағы қай кейіпкерді өзіңізге жақын тартасыз?

- Марғау... Марғауды түсінетін сияқтымын. Патшалықта Марғаулар аз, Құндыздар көп.

- Шәкірттің қуанышы – ұстаз болса, ұстаздың мақтанышы – шәкірт. Әрине, егер де шәкірт сол мақтанышқа лайық болса. Қазіргі таңда сіз ұстаздық етіп жүрсіз. Ұстаздық қоғам сіздің көңіліңізден шыға ма және де өзіңізге қарап бой көтеріп келе жатқан шәкірттеріңіз

жайлы не айта аласыз?

- Үміт күттіретін шәкірттер бар. Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын. Шәкірт тек дәріс алып жүрген университет студенттері ғана деп білмеген жөн.

- Шәкірттің қуанышы – ұстазы. Өзіңіз де шәкірттер тәрбиелеп, сүйікті ұстаздардың бірі ғана емес, бірегейі болып отырсыз. Ал сіздің әміріңізде ерекше орын алатын ұстаздарды айтып бере аласыз ба? Мысалы, мектеп кездегі және студент шақтағы.

- Ұстаз деп өзім пір тұтқан адамды айтқаным жөн болар. Қарасөзде – Төкен Әлімқұлов, қобызда – Ғалия Қабышқызы.

- Суреткер ретінде сізге не арзан, не қымбат және не алыс, не жақын?

- Сөз – арзан, ой – қымбат. Жастық – алыс, қарттық – жақын.

- Көптеген өнер иесі «Өнер – Алланың сыйы, адам бойына табиғаттың дарытқан ерекше қасиеті» деген пікірде. Сонда нағыз суреткерді табиғат жарата ма, әлде нағыз суреткер суреткер болып қалыптаса ма?

- Алла жаратады, орта, қоғам қалыптастырады.

- «Өнер негізі – дін» деген пікірге қалай қарайсыз?

- Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с. хадисінде: «Төңір сұлу – сұлулықты сүйеді» депті. Өнерге ынтық болуымыз, құмартуымыз сұлулыққа деген құштарлықтан туса керек. Өнер – сұлу, қарабайыр пендеге жалынан да сипатпайды. Өнер иесін өзі ғана таңдайды. Егер өнер Сіз бен Бізді таңдаса бақыттылардан болар едік.

- Рабғузидің «Қисса-сұл-әнбийә-и» шығармасын аудару барысында бұл еңбектегі әңгімелер ислам дініне деген түсінікті толықтырып, сіз үлкен жаңа есіктің ашылғанындай сезімде болдыңыз ба? Әлде бұл құпияға толы тарих сізге тансық дүние емес пе?

- Қасиетті Құран Кәрімді 30 жасымда оқыдым, бірақ түсіне алмадым. «Қисса-сұл-әнбияны» оқығаннан кейін қасиетті Құран Кәрімді түсініп оқуға мүмкіндік ашылды. Бірақ мен ұға алмаған жұмбақ Құран Кәрімде өте...е...е көп. Қасиетті кітапты оқу – өзгеру. Қалыптасып қойған адамға өзгеру оңай ма... Абайша айтқанда: «боқтың қабы болған» бұ пендеге әп-сөтте мұсылман болу мүмкін бе...? Сананы өзгерту – болмысыңды, табиғатыңды, ойыңды өзгерту ғой.

- Біз осы тәржімаланған тамаша туындының түп нұсқасының тарихын әңгімелер жинағының алғы сөзінен таныстық. Ал Аударманың шығу тарихы мен шығар алдындағы аудармашы автордың жеке басындағы толғанысты әңгімелеп берсеңіз.

- «Қисса-сұл-әнбия» қазақ тілінде аударылмаған екен. Моңғол-шағатай тілінен татар тіліне аударылған нұсқасы 100 жыл бұрын жарық көрген екен. Мен «Қисса-сұл-әнбия» кітабын оқығаннан соң осындағы ғажайып сюжеттерге қызықтым. Аударғым келді. Аударған еңбегім еш кетпеді, қасиетті Құран Кәрімді оқып, түсінуге үлкен жол ашылды.

- «Жазушы, драматург, суреткер жанның әлемі өзге маман иесінің әлемінен өзгеше ме? Әлде барша адам баласы бір әлемде өмір сүре ме?» - өзіңіздің пікіріңізді айтсаңыз.

- Суреткерді өнер тудырушы деген дұрыс. Жазушы да, суретші де, композитор да – өнер тудыратындар, өнерді жаратушы, өнерді жасаушы деп білемін. Ал актер, музыкант, өнші, күйші – орындаушылар. Суреткер мен орындаушының арасы жер мен көктей. Сол себепті суреткердің жаратылысы да, табиғаты да, өмірі де тағдыры да өзгешелеу. Тобырға таңсық, ісі мен мінезі де оғаштау, жұртты үркітіп алатын «-» (минусы) көптеу келеді.

Нүргүл АБДУЛЛА,
«кинотану» мамандығының 3 курс студенті
ө.ғ. кандидаты Н. Мұқышева шеберханасы

Бүгінгі қазақ киносының дидары, келбеті қандай, қайда бет түзеп барады? Ұлттық кино өнерінің кешегі мен бүгіні арасында сабақтастық бар ма? Бар болса, ол қалай көрініс тауып жүр? Немесе сабақтастық үзілді ме? Олай болса, бұның себебі неде? Қазіргі біздің фильмдеріміздің кейіпкері кім? Күн сайынғы лек-легімен ағылып келіп жатқан шегі жоқ бейнеақпарат майданында қазақ киносы өзінің рухын, бейнесін, дидарын сақтай алды ма? Бүгінгі студент – ертеңгі кинорежиссерді, кинодраматургті, кинотанушыны т.б. қандай ой толғандырады?.. Сансыз сұрақтар...

Біз бүгін көкейде жүрген, мазамызды алған осы сансыз сұрақтың жауабын бірігіп іздейік деген мақсатпен «KINODIDAR.kz» атты тұрақты айдардың тұсауын кескелі отырмыз. Аталмыш айдардың аясында қазақ киносының кешегі мен бүгіні (классикалық киношығармалар, жана фильмдер, кинорежиссерлер мен кинооператорлардың, кинодраматургтер мен киноактерлердің шығармашылығы, тағы да басқа әркілы тақырыптар) туралы пікір-сайыстар, талдау мақалалар, сұхбаттар, дөңгелек үстелдер мен конференциялардың жұмысынан репортаждар т.б. жарияланып тұрады. Ең бастысы, қазақ кино өнері дегенде көңілі бейжай қала алмайтын студент жастар «KINODIDAR.kz» айдарының жұмысына белсенді атсалысады деген үміттеміз.

«KINODIDAR.kz» айдары жұмысының алғашқы бастамасы ретінде бүгінгі қазақ киносының жаңа туындыларының бірі, белгілі кинорежиссер Серік Апрымовтың «Бауыр» фильмі туралы екі пікірді ұсынып отырмыз.

Назира МҰҚЫШЕВА,

«Өнертану» кафедрасының доценті, өнертану кандидаты, кинотанушы

«БАУЫР» фильміндегі бауырмалдық пен тасбауырлық сезімдері

Басты кейіпкер Еркін сырт көзге қораштау көрінгенімен, өз ісіне өте жауапты, ақылды бала екені көрінеді. Сонда ол кім үшін, не үшін жауапты? Осындай сұрақтар туғызатын фильмнің көрерменді ойландыратыны хақ. Қажан секілді ұрылар, ағасы, ағылшын мұғалімі, киномеханик Ерболат, тамақ әкеліп жүрген көрші әйел, бәрі-бәрі де балаға ауыр жүк артып қойған. Алғашында қаладан келген ағасының інісіне көмектесіп, бауырына басып, қиындықты бірге көтеріседі деп ойлайсың. Бірақ, барлығы керісінше болып шығады. Қаладан оралған ағасының суыққандылығы байқалады, құдды бір бауыры емес, бөтен адам сияқты. Фильмнің ең бір әсерлі тұстары – ағасының Еркінге жұдырықтасуды үйреткен сәті, қағажу көріп жүрген қатарластарының жанынан ағасымен бірге өтіп бара жатқан кезі, мектеп дәлізінде кездескен сыныптасының «қайда болдың?» деген сұрағына «директорға жұмыстармен бардым» деп жауап беруі, мұғаліміне ағылшынша жауап қайтара алмай, «I lost қойымды ұрлап кетті» деп әжуалап сөйлеуі.

Фильмнің тағы бір әсерлі тұсы – Еркіннің ағасына қойған сұрақтары мен оларға берілген жауаптар. Інісі ағасынан: «Оқу бітірген соң не істейсіз?» деп сұрайды. Ағасы: «Үйленемін» деп жауап береді. Інісінің: «Ал, үйленген соң не істейсіз?» деген сұрағына, «Ұрпақ сүйемін» деп жауап береді ағасы. «Ал, одан кейін ше?» деген сұраққа: «Немере қызығын көремін» деген жауап естиді. Еркін ағасынан: «Бауырым, сен үлкен азамат боласың. Мен сені аяғыңа тұрғызамын!» деген жауабын күткендей, үміттеніп сұрай береді, сұрай береді. Бейнебір, осыған әлдеқашан көндіккен адамдай, өз бауырын ұмыт қалдырған ағасына тіпті реніш те білдірмейді.

Фильмнің ең соңғы кадрлері ерекше әсер қалдырды. «Ағасы жақсы болса панасы бар, жаман болса жабылар жаласы бар» демекші, қалаға кетіп бара жатқан ағасы автобустың ішінен бұған немқұрайлықпен қарап отырады. Көп уақыт өтпей-ақ, автобусқа ақыры ұсталған Қажан да келіп отырады. Қажан мен Еркіннің ағасының болмысында ұқсастық мол: екі кейіпкер де туған бауырларын қадірлемейді, мойындамайды. Туысқандық сезім, бауырмалдық олар үшін жат сезім. Екеуі де әлдеқашан тасбауыр болып кеткен. Ең қорқыныштысы да осы...

Назгүл АҚШАЛОВА,

«кинотану» мамандығының I курс студенті ө.ғ. кандидаты Н. Мұқышева шеберханасы

«БАУЫР» фильміндегі бүгінгі қоғам көрінісі

Кинорежиссер Серік Апрымовтың «Бауыр» фильмі – еліміздегі қазіргі көптеген мәселелерді көтере білген шығарма. Фильмде тау етегіндегі шағын ғана ауылда жалғыз өзі өмір сүріп жатқан тоғыз жасар Еркін есімді баланың өмірі арқылы озекті мәселелер бой көртереді. Өзі кішкентай болғанымен, үлкен адамның қолынан келе бермейтін істерге бара білетін Еркін қалаға оқуға кеткен ағасы Айдосты тағатсыздана күтіп жүреді. Сабағына да барып, күйбең тіршілігіне де үлгеретін ол кірпіш құйып, сатып, күнкөріс қаражатын табады. Ағасы келгенде коршілерді шақырып, ас беру үшін қой сатып алып, дайындап жүреді. Бірақ, қорадағы қойын кезінде баукеспе ұры атанған көршісі Қажан ұрлап кетеді. Қажан бұған дейін де Еркіннің кірпіштеріп сатып алып, ақшасын төлемей кеткен болатын.

Жалпы, Қажан – фильмдегі міпез-құлқы, болмысы тамаша ашылған кейіпкерлердің бірі. Қажан арқылы қазіргі кезеңдегі ұры-қарының көбейіп кетуін, алдап-арбау сияқты шешімін таппайтын мәселені корсетеді. Кейіпкер бейнесінің нанымды шыққанының басты себебі – актердің осы рөлге лайық таңдалғанында болып отыр. Сыртқы кейініне, іс-әрекетіне, жүзіне қарап-ақ оның қандай адам екені білініп тұрады. Бар жағымсыз қасиетті бойына жиған ол фильмде жамандықтың патшасы іспетті. Өтірік айту, ұрлық жасау, пәлекорлық, мейірімсіздік, қаталдық, дүниеқоңыздық қазірде белең алып отырған емі жоқ ауру секілді. Фильмде Қажанның баукеспе ұры екендігі қой ұрлағанда білінсе, өтірікші және бәлекорлығы Еркін мен Айдос қарыздарын сұрап келгенде, ақшаны көршісінен алып беремін деп, өз қалтасынан шығарғанынан байқалды. Ал, мейірімсіз екені, қаталдығы өзінің туған ағасы қайтыс болғанда, жаназасына бармағанынан көрінеді.

Фильмнің алғашқы минуттарында көрерменге баланың ағасы қалада оқуда екені, анасының бес жыл бұрын дүниеден өткені, ал әкесінің ұзақ уақытқа іс-сапарға кеткені белгілі болады. Бірақ, уақыт өте келе әкесінің іс-сапарға емес, төрт баласы бар басқа әйелмен көрші ауылда тұратыны мәлім болады. Аты бар заты жоқ осы бір кейіпкердің фильмдегі орны әйелінің сөзінен шыға алмайтын, баласын жалғыз қалдырып кеткен қорқақ, әлсіз ердің бейнесін көрсетеді. Ал, Еркіннің жақсы көретін ағасы Айдос та әкесіне тартқан мінезсіз, әлсіз кейіпкер. Тоғыз жасар балаға арқа сүйейді, одан ақша сұрап, үйде жатып ішіп-жегеннен басқа ештеңені білмейді. Осы бір кейіпкер қазіргі қоғамдағы әйелі мен бала-шағасына масыл болып, үйде жұмыссыз жататын ер адамдарды меңзегендей.

Мектептің мінсіз корінетін сыртқы әдемі келбетіне қарама-қарсы ішкі көрінісі де көрсетіледі. Мұғалімдердің қаталдығы, ұятсыздығы, мансапты пайдаланып жұмыс уақытында көңіл көтеруі сияқты әрекеттері әшкереленеді. Соқыр шалдың жаназасында имам тұрып: «Өлген адамның артынан қарызын сұрап келсе, қайсың мойнына аласың?» деп сұрағанда, ақсақалдар бір ауыздан немересіндей болған кішкентай балаға қарайды. Тағы да бала Еркінге үлкен жауапкершілік, маңызды іс жүктеледі. Сонда бұл ауылда ер мінезді, тепсе темір үзетін, тек өзінің ғана емес, өзгенің де жауапкершілігін мойнына алатын бірде бір азаматтың қалмағаны ма деп ойлайсың.

Фильмнің басты кейіпкері Еркін ержүректіліктің, пәктіктің, тазалықтың, шыншылдықтың, намысқойлықтың және адамгершіліктің символы ретінде алынған. Бала Еркіннің және ауылдың қалған тұрғындарының бейнесі, олардың іс-әрекеттері қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамды меңзегендей. Ол үлкен ну орманның ішінде жарыққа ұмтылған жас көшет секілді. Төбесінен алып ағаштардың көлеңкесі түсіп, оның өсуіне кедергі келтіреді. Бірақ, ол өсуін тоқтатпайды. Еркіннің жанында адамдар қаптап жүргенімен, ол – жалғыз. Бейнебір артық сызық түспеген тап-таза ақ қағаз секілді.

Сонымен, Серік Апрымовтың «Бауыр» фильмі – қазіргі біздің қоғамдағы белең алған көптеген мәселенің басын қосқан шығарма. Режиссер осы фильм арқылы «өздеріңді сырттай бақылап көріңдер» деген ой тастайды...

Оразбай САЙЛАУБАЙ,
«кинотану» мамандығының 1 курс студенті
ө.ғ. кандидаты Н. Мұқышева шеберханасы

«Жақсы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей» - дейді орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой. Сұхбаттаса қалсаң санаңа нұр құятын, кездесе қалсаң жаныңа жылу ұялататын, өмірге деген құлшынысыңды арттыратын, көкірек көкжиегіңді кеңейтетін, тағысын тағы рухани байлыққа бөлейтін адамдар көп-ақ. Дегенмен кейде іздесең таппай, әйтпесе кездесудің, шүйіркелесудің реті келмей қалатын сәттерде жоқ емес. Бірақ осындай сәтте, санандағы маза бермеген түйткіліңнің жауабын неден іздейдің? Мүмкін ойыңды аулаққа әкетіп, беймазалықтан қашарсың. Әлде, әбігер жұмысқа араласып ұмытарсың. Не теледидар көріп, не телефонмен сөйлесіп, болмаса ұйықтап аларсың. Ал ақылды адамдар осындай тынымсыздықта кітап оқып, жанын байытады екен. Міне, осы сәтте пендешілігіңе жауап, әр ісіңе баға беріліп, болашағыңа бағдар айқындалатын көрінеді. «Кітап – асып-таспайтын асыл дос» - деп, Гюгоның айтқаны осыған пара-пар бірден-бір дәлел.

Қаңқасы – қағаз, бедері – сия болса да, беделі жоғары білімнің кілті ол – кітап. Оның қадірі қалыңдығы немесе қағазының сапасымен әлпешбесі хақ. Бағалағанға берері көп, бағаламасқа беделі жоқ дүние. Коздің майы тамған, сөздің ары сіңген арда құндылық. Қиял мен шабыт, ой мен сана, дүние мен таным, заңдылық пен көзқарас, ақиқат пен аңыз, ар мен ұждан сынды т.б талаптардың сарапталған сүзбесі қаламның ізінде, қағаздың бетінде екені даусыз. Десе де, дертіңе дауа, қадіріңе баға іздеген осы құндылықтың бүгінгі қоғамдағы рөлі, беделі қандай?

Бағамдап қарасаң жалпы мемлекет тарапынан, осы саланың қызметкерлері, қаламгерлер жағынан оқырмандарға барлық жағдай жасалған, ұсыныстар мен қажеттіліктер қанағаттандырылған сыңайлы. Ал сонда оқырман қауымның жалқаулық танытқаны ма? Өйткені, оқу құралдарының түр-түрі күн санап артып келеді. Шағын кітапшалар, әдеби журналдар, БАҚ мен басылымдар, жыр жинақтары мен прозалық еңбектер, шетел аудармалары мен шежірелі тарихи туындылар, қай саланы алып қарасаңда кітап, еңбектерден кемде емес. Көркем әдебиетті айтпағанның өзінде физика, биология, химия, география, медицина сынды т.б салалар сараптальп, салаланып қойылған. Экономика, саясат керек пе? Ол да бар. Заң ісі де, құқықтық нормалар да нұсқауын тапқан. Бір кездері ақылың жетпес алыс көрінген астрономия да игерілген. Мәдениет, дін, руханият, философия сынды қоғамның бір бөлігі де бөлек-бөлек пән болып қарастырылу мен қоса том-том жинақтарға айналған. Бұның бәрі адам игілігі үшін екендігі белгілі болса да, зиялы қауым өкілдері жастардың, жалпы адамзаттың кітап оқудан мақұрым қалып бара жатқанын жиі нысанасына алып, назын ақтарады.

Әлде, әлеуметтік желімен әуре болып, тағылымы зор туындымыздың туын жығып алған жоқпыз ба? Интернет иемденген ортада олқылығымызды қалай толтырмақпыз? Орында бар оналар деген оймен жазылған қаншама еңбек ысыраптыққа немесе қоқыс қалдығына айналмасына кім кепіл? Осы індеттің алдын алу үшін электронды кітаптар, бағдарламалар, арнайы сайттар, жаңа заңнамалар бекітіліп-ақ жатыр. Әйткенмен, әңгімеміз «әттең-ай!»-мен аяқталады да тұрады. Бұрын берілген тапсырма, міндеттелген іспен жүктелген жұмыстардың жауабын кітаптан кітап ақтарып, қағаздан қағаз қопарып әзерге табатын едік. Ал қазір ше? Ғаламторды аш та, сұрағыңды жаз, жауабы дайын. Яғни, ізденіс, оқу, зерделу деген дүниелер ұмыт қалып барады. Сонда еліміздің ертеңгі өркені не болмақ?! Көпке топырақ шашудан аулақпын. Десе де, елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ертең елді интернетте отырғандар емес, кітап оқитындар басқарады» деген сөзі санамызда болар. Мейлі, ертең елді сен немесе мен яки ол т.б басқарса да басында білімі бар, оқығаны мен көргені мол көрегенді жас ұрпақ кереметі даусыз. Болашақты нығайтуға ат салысқанымыз абзал.

Ендеше, кітап – білімнің қазынасы. Ал білім еңбектің негізі. Ендеше еңбексіз өмірді елестетіп көріңіз, әрине елестету мүмкін емес, әрі қорқынышты. Дәл солай білімсіз кешкен күн жел айдаған қаңбақтай мағынасыз, мақсатсыз, тек айдағанның айтағында, жетелегеннің жетегінде кеткен жауапсыз жылдармен тең. Демек, біздің басты құралымыз – «кітап» болмақ. Құрметті достар, «Біздерді де жоқтайтын жан болса егер, Шаң басқан архивтерден табылармыз» - деп, Мұқағали Мақатаев жырлағандай баспадан шыққаннан бері шаңы сүртілмей, парағы ашылмай сары-ала болып сарғайған кітаптар, қағаздар қаншама. Қасіретке

оранған қасиетті әр парақ өз оқырманын, өз жоқтаушысын іздеуде. Сөреде сәндік үшін емес, саликалы ой айту үшін тұрған том-томдар әлеуметтік желінің көлеңкесінде қалып қоймаса екен. Көлеңкедегі көмескі ойдың көз жасына қалмайық. Бұл қағаздар қазылып дайындалған, игерілуі ғана қалған қазына ғой. Қазына іздеуді қазірден бастайық.

Осы орайда біздің Қазақ Ұлттық Өнер университетінің кітапханасы жаңа байлықпен толысқанын сіздерге хабардар етеміз. Сіздер аталмыш оқу орынымыздың оқырман залынан «Кабис» электронды оқу жүйесі бойынша керек оқулықтарды (ғылыми жұмыс, курстық еңбектер, үздік дипломдық қолжазбалар, ноталар, пьесалар, көркем әдебиеттер, тарихи туындылар, т.б) іздеп тауып, оқуымен қоса басқа да басалымдарды қарауға барлық мүмкіндіктер жасалған. Мұнда саяси, тарихи, ғылыми тақырыптар мен бірге өнер, әдебиет, мәдениет, қоғам жөнінде жазылған таптырмас еңбектермен сусындауға мүмкіндік бар. Солардың бірқатарын атап өтейік.

1.«Н.Ә. Назарбаев қызымет хроникасы – 1994-1995жж., 1996-1997жж., 1998-1999жж., 2000-2001 жж., 2002-2003жж., 2004-2005жж., 2006-2007жж., 2008-2009жж., 2010-2011жж. (әр жыл жеке-жеке кітап болып жазылған) авт: Нұрсұлтан Әбішүлі Назарбаев

2.«XXI ғасыр әлемі» (қазақша, ағылшынша, орысша үш тілде жазылған) авт: Нұрсұлтан Әбішүлі Назарбаев

3.Рымғали Нұрғали I-ҮІІІ томық жинағы

4.«Абылайхан энциклопедиясы»

5.«Ұлы дала» авт: Қойшығара Салғараұлы

6.«Красный терор»

7.«Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері» авт: Н. Дулатбеков

8.«Алаш: исторический смысл деаократического выбора» авт: Д.А. Аманжолова

9.«Ғаламат жүт шежіресі» авт: Валерий Михайлов

10. «Трагедия казахского аула 1928-1934» Том I

11. «ҚР мемлекеттік орталық музей қорындағы шығыс монеталары» иллюстрацияланған ғылыми каталог

12. I-II том «Шығармалар» авт: Телжан Шонанұлы

13. «Халижан Бекхожин поэмаларының поэтикасы» авт: Жібек Досбай

14. «Темірбек Жүргенов шығармалары»

15. «Тұлғалар қаламгерлер» авт: Ғарифолла Есім

16. «Қазақ әдебиеттанушылары»

17. «Кұжаттар мен материалдар» авт: Сұлтанбек Қожанов

18. «Қазақ архитектурасы» ҮІІ. ҮІІІ. ІХ. Х. том

19. «Көң дүние күмбірі» авт: Жарқын Шәкәрім

20. «Домбыра ойнау оңай ма?» авт: Жұмагелді Нәжімеденов

21. «Қазақ әндері» I. II. III том

22. «Жүсіпбек Елебеков» авт: Ерлан Төлүтай

23. «Мұқан Төлебаев 100жыл»

24. «Қаныш Сәтпаев энциклопедия»

25. «Жарқын күнмен сырласу» авт: Раушан Базарбаева

Әбділ НҰРИСЛАМ,
«театртану» мамандығының 2 курс туденті
профессор Ә. Сығай шеберханасы

«ЕС-АЙМАҚТА» ЕҢСЕЛІ ЖАЗУШЫ

Ай сайынғы дәстүрден жаңылмаған «Ес аймақ» бірлестігі осы жолы да өзінің кезекті отырысын абыроймен өткізді. Бұл жолы Шабыт шаңырағындағы «Ес-аймақ» төрінен сый-құрметпен Төлен Әбдік орын алды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Халықаралық Франц Кафка атындағы сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері, белгілі жазушы-драматург Төлен Әбдікұлымен бұл басқосуды біраздан бері жоспарлап жүрген едік. Студенттер жанашыры Әшірбек Төребайұлының ұйытқысымен болған бұл кешті коргенде арманда, көрмегенде арманда.

Қазақ әдебиетіне өзінің тосын тақырыптарымен келген талантты да талапты Төлен Әбдікұлы қазақ әдебиетінің озық дәстүрлерін жаңашылдықпен жалғастырып, қазақ әдебиетін мазмұн, түр, тақырып жағынан ерекше байытты. Қай кезде болмасын адамгершілік, маман тұрғыдан тәуелсіз пікірін, өз ойын еркін, күмілжімей, байыппен жеткізіп келе жатқан қоғам қайраткерімен шұрайласып, мәнді де мағыналы әңгімесін тыңдау біздер үшін үлкен дәріс болды. Әрине, ең бастысы шығармашыл адам болғандықтан, шығармашылығы төңірегінде әңгіме-дүкен құру мүлде бөлек дүние еді...

Біз білетін «Райхан», «Оң қол», «Парасат майданы», «Әке», «Тозақ оттары жымындайды», «Өліара», «Біз үшеу едік», «Ардагер» («Ұлы мен ұры»), «Тұғыр мен ғұмыр» секілді сүбелі еңбектері жайлы қызықты деректер айтылып, көкейкесті сұрақтар қойылды. Тіпті, жазушының «Қыз-Бәгіш пен Ерсейіт» повесі бойынша түсірілген «Өтелмеген парыз» (реж. С. Жармұхамедов) көркемфильмінен үзінді көрсетілді. Бәріміз уақытқа тәуелдіміз, сондықтан отырысты созуға әсте мүмкіндік болмады. Иә, бұл кеш көптің көкейінде қалары хақ. Өз замандастарының ортасында



ерекшеленіп келе жатқан, ешкімге ұқсас өзіндік мәнер машығымен дараланған драматург Төлен Әбдікұлының шығармашылығына әрдайым құрмет, қошемет білдірмекпіз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірген профессор Әшірбек Төребайұлы, келген қонағымызға ыстық ілтисатын білдіріп, келесі «Ес-аймақ» төріне өзге де әдебиет пен мәдениет қайраткерлерін шақыратынын айтып, баршамызға сау-саламат тіледі...

Сүм ажал дерсіз... Жаратқанымыз ортамыздан аяулы ұстазымызды мәңгілікке алып, кете барды... Бұлай боларын кім білген?! Кім сезді? Сенгіміз-ақ келмейді. «Ес-аймақтың» ендігі отырысы өзіне арналатынын білді ме екен?! Жарықтық-ай... Өлай болса ағайын, «Ес-аймақтың» келесі жиынын арамыздан мезгілсіз кеткен асыл ұстазымыздың рухына арнамақпыз. Жұдырықтай жүрегі «қазағым» деп тоқтаған азаматтың еске алу кешіне барша қазақ жиылып, бір кісідей ат салысуы тиіс!

Арман АЙТЖАН,

«театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы

АҚСҮЙЕК

Тар шеңберде дүниенің мазмұнын,
Ойламайтын жан едің ғой жомарт тым.
Қандай қулық жасырды екен жазғы түн,
Сол кезеңде сені әсте жоғалттым.

Шаңқай түсте сыр айтам деп тіл қаттың,
«Айлы түнде кел ақсүйек ойнауға».
«Бара алмаймын» – дедім саған қымбаттым,
Жолсапарды бұрмақ едім жайлауға.

Жайлау түні, моп-момақан баладай,
Шақырғасын баруға шын бекіндім.
Сыр айтамын дегеніңе қарамай,
Кеткеніме қапаланып өкіндім.

Айтпағың не?
Дөңбекшідім соны ойлап,
Жаттым және төсегімде көз ілмей.
Қараңғы түн кетті терең мұң бойлап,
Ескерусіз қалған сенің сөзіңдей.

Келгенімде ауыл жаққа күйбендеп,
Күңіренген күй құйылды санаға.
Құрдастарым «сені құлай сүйген» деп,
Аққұба қыз кетті деді қалаға.

Міне, солай бір сұмдықты естідім.
Бала көңіл дара көңіл толқыды,
Солай-солай жан-жағымнан есті мұң,
Сойтіп, сенен айырылдым сол күні.

Ата-анаңмен кеттің көшіп осылай,
Қарсы тұрып нөсерменен дауылға.
Тағдырымыз ол да қойды қосылмай,
Өзің сынды маңайламай ауылға.

Амал нешік, сен келмедің мен кеттім,
Менде кеттім тұрғыны боп қаланың.
Шешімімді әубастан-ақ өзгерттім,
Мен бәрібір ұлы болам даланың.

Сен етене жақын болып халықпен,
Шырқап мәңгі бейбіт таңның айт әнін.
Осы жазда ауыл жаққа барып мен,
Ойын қуған топ баланы байқадым.

Жүрген едім қауырт тірлік ісімен,
Туған жердің ауасымен емделдім.
Сол мезетте топ баланың ішінен,
Маған ұқсас бір баланы мен көрдім.


Жәудір көзге тамшыменен бақ тұнып,
Жасым менің өр өзендей боп ақты.
Кенет бала ақсүйекті лақтырып,
Сосын қайта таппай оны жоғалтты.

Өткен күннен сабақ алып мезгілсіз,
Жаз айында жаздым бір сәт бойымды.
Жас балаға қарадым да тек үнсіз,
Іштей ғана сараптадым ойымды.

P.S Кейде жанға салады екен жүк елес,
Кейде тіпті, қажытады жол қамы.
Ақсүйекті жоғалтқаның түк емес,
Нақ сүйгенді жоғалтпасаң болғаны.

Қуат ЕЖЕМБЕК,
«театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы

автор: Өрден ЖАРҚЫНҰЛЫ,
«операторлық өнер» мамандығының 1 курс студенті
Т. Тайшанов шеберханасы





БЕС ЖҮЛДЫЗ

Бұрындары көрші үйдің құдығынан су алатынбыз. Екі үйдің арасы таяқ тастам жер. Бірақ, сол қарыс жерге барып келудің өзі әуре еді ғой. Жарайды, жаздың күні онша қиын бола қоймас. Ал қақаған қыста тауқыметі баршылық енді. Анамның қолдан тіккен тері ішігін киіп алып, елтіріден құрап-құрап жасаған момақанын басымызға іле салып (сол кезде «момқан» деп сол теріден тігілген бас киімді айтатынмын, мүмкін тілім келмегеннен болар. Қатты еркелегеннен бе, тілімнің сақаулығы бар еді. Қазір де көбісі түсінбей қалады), көршінің үйіне тартатынбыз. «Тамағыңнан суық тиеді» деп, бетіңді қоса орап беретінін қайтәрсің. Таракқұйрықтың ініне су құйып жібергенде шыға келің, көзі сығырайып жататыны бар. Дәл сондай, менің де көзім сығырайып тұрған болуы керек.

Ол кезде екі үйдің арасын ұлша қар молынан басатын. Қазір ойлаймын, «ықтасын болғандықтан үйіп тастайды екен-ау» деп. Осы екі үйдің арасын жалғап жатқан екі із бар. Ұлша қарды тіліп өткен шананың ізі. Менің шанамның ізі.

